bilimger.kz
Республикалық білім және ғылым порталы
https://bilimger.kz
*ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі тіркелген — Куәлік нөмірі:* ***KZ45VPY00102718***
2020

БӨЛІМ: АШЫҚ САБАҚТАР

# Көліктер және оның түрлері

| ЖАРИЯЛАНДЫ | СІЛТЕМЕ |
|---|---|
| 28.04.2020 | https://bilimger.kz/72516/ |

**Білім беру саласы:** Коммуникация

**Бөлімі:** Сөйлеуді дамыту

**Тақырыбы:** Көліктер және оның түрлері

**Оқу мақсаты:** 0.1.1.1 Сөздер мен фразалардағы дыбыстарды дұрыс дыбыстау

0.1.2.1 Сөздердің лексикалық мағынасы мен мәнін түсіну,мағынасы бойынша жақын/қарама-қарсы сөздерді сөйлегенде қолдану

0.1.3.1 Берілген кіріспесі бойынша әңгіме мазмұнын болжау

0.2.1.1 Тыңдалған мәтіндегі ақпаратты сурет, сызба, белгілер қолданып жеткізу

**Қолданылатын әдіс-тәсілдер:** Сұрақ-жауап,тақпақ айту,сәйкестендіру әдісі,жұптастыру,сурет бойынша әңгіме,музыкалық әдіс,ойын әдісі,жұмбақ әдісі

**Ресурстар:** көлік түрлері, суреттері, сюжеттік көрініс, аппликациялық фетрлар, үлестірмелі суреттер

**Дамытушы орта:** сынып

| Іс-әрекет кезеңі | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|

| | | |
|---|---|---|
| Ұйымдастырушылық оятушылық<br><br>Ұйымдастырушылық-ізденушілік<br><br>Рефлекстік –түзетушілік | Психологиялық ахуал орнату<br>– Балалар, сендер күннен күнге әдемі, ақылды болып өсіп келесіңдер. Сендер барлық жақсылықты бойларыңа сіңіріп Қазақстанның үлгілі азаматы болып өсулерің керек, солай ма?<br>Балалар хормен, қимыл, іс — әрекет арқылы көрсетеді.<br><br>Сәлем саған алтын күн!<br>Сәлем саған көк аспан!<br>Сәлем саған жер ана!<br>Сәлем саған достарым!<br>– Сәлеметсіздер ме, қонақтар!<br>**Өткен сабаққа шолу.**<br>**«Ой шақыру» стратегиясы**<br>Көшедегі қимыл-қозғалысты апаттық жағдайдан реттеп тұратын құрал?<br>Қызыл көзі нені білдіреді?<br>Сары көзі нені білдіреді?<br>Жасыл көзі нені білдіреді?<br><br>Балалар Айымға мектепке баруға көмектесеміз бе?<br>Ол таңғы аусымда мектепте оқиды,сендер сияқты<br><br>Ол үйден шығып қайда барады?<br>Аялдамадан 1 ші маршрутқа мінеді?<br><br>Әр аялдама сайын балаларға тапсырмалар береміз,сол кезде автобус жүріп Айымды мектепке жеткізеді.<br><br><br>**III.Жаңа сабақ «Көліктер »атты слайд тамашалап , жаңа тақырыпты ашу.**<br>-Нелер көріп тұрсыздар?<br>Қандай көліктерді көрдіңдер ата?<br>**Тәрбиеші:**Бүгінгі сабақта көліктер және оның түрлерімен танысып,осы көліктердің пайдасы және зиянды жақтары туралы білетін боласыңдар.<br>**Көлік-транспорт-transport**<br>**—**Көлік сөзі қандай дыбыстан басталып тұр?<br>-К дыбысы қандай дыбыс?<br><br>-Көлік сөзін буынға бөл?<br>**Жұмбақ шешу:**<br>Арқасында ауыл жүр,<br>Ала тайым шауып жүр.<br><br>Жерде жүрер жөні жоқ,<br>Судан басқа жолы жоқ.<br><br>Төбесінде ебелек,<br>Ұшады ол керемет<br><br>Автобус қайда жүреді? (Жерде) Жерде жүретін көлік түрлерін атаңдар?<br>Қайық қайда жүреді? (Суда) Суда жүретін көлік түрлерін атаңдар?<br>Тікұшақ қайда жүреді? (Әуеде) Әуеде жүретін көлік түрлерін атаңдар?<br>**IV.Тақтамен жұмыс .Топтастыру стратегиясы**<br>а)Қоғамдық көліктерді атаңдар?<br>ә)Арнайы көліктерді атаңдар?<br>Б) Көліктердің пайдалы жақтарын атаңдар?<br>в) Көліктердің зиянды жақтарын атаңдар?<br>г) Көлік ішінде қандай мінез — құлық ережелерді сақтауымыз керек?<br>д)Көліктерді жүргізетін маман иелерін атап жіберейік<br>**V.Сергіту жаттығуы «Бала,бала,балапан» әні**<br>**VI.Әліппе –дәптермен жұмыс**<br>Көліктің жетпей тұрған бөлігін бояу 39-б<br>Міне, балалар сендер  Айымға мектебіне жетуге көмектестіңдер.Рахмет сендерге.<br>**IX.Қорытынды.Д/ойын: «Сөйлемді толықтыр»**<br>1.Егер жермен жүрсе ,бұл …  көлігі.<br>Жермен жүретін көлік түрлерін атаңдар?<br>2.Егер сумен жүрсе ,бұл …  көлігі.<br>Сумен жүретін көлік түрлерін атаңдар?<br>3. Егер әуемен жүрсе ,бұл …  көлігі.<br>Әуемен жүретін көлік түрлерін атаңдар?<br>Балаларды мақтап, марапаттау.<br>**Рефлексиялық бағалау**:<br>Балалар өз білімдерін бағалап қорытынды жасайды.<br>Ештеңе түсінбедім – қызыл машина<br>Түсіндім, бірақ түсіндіре алмаймын – сары машина<br>Бәрін түсіндім, басқаға түсіндіріп бере аламын – жасыл машина<br>Тақтадағы ілінген машиналарға өз білімдерін бағалап жапсырады әрі түсінік береді. | Жақсы көңіл күймен<br>Ия<br>Шаттық шеңбер орындайды<br><br><br><br>(Бағдаршам)<br><br>Ия<br><br>аялдамаға<br><br><br><br><br><br><br>—         Көліктер<br>—         Машина, автобус, трактор,жүк көлігі т.б<br><br>—         (К)<br>—           (дауыссыз дыбыс )<br>—         (2)<br><br>(Қайық)<br><br><br>(Жерде)<br>Автобус,мотоцикл,машина,поезд, трамвай т.б<br>(Әуеде)<br>Кеме,қайық, су асты кемесі<br>(Суда)<br>Ұшақ,тікұшақ, парашут, әскери ұшақтар |

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық құқықтар қорғалған. 

**Күтілетін нәтиже**:

**Нені біледі:** Балалар көлік түрлері туралы толық білді

**Білуі керек:** Көліктерді атқаратын қызметіне қарай әуеде, суда, жерде жүретін түрлеріне қарай жіктеуді меңгерді

**Түсінеді:** Көлік түрлерін салыстырып, ортақ белгілері туралы айта алады

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі
© 2026 **Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы**. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.